

## Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-би» (жаңа құрал) еңбегінің дидактикалық негіздері

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, "Әліпби", "Тіл құрал" атты кітаптары қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазуы 1926 жылы Бакуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I Съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы - осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

Белгілі түрколог академик А.Н.Кононовтың Ахмет Байтұрсыновты көрнекті түркологтардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын жасау, фонетика мен грамматика саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазуы да тектен-тек емес.

А.Байтұрсынұлы (5.IX.1872- 8.XII.1937) XX ғасырдың жаңашыл ғалым қайраткері. Қазақ әліппесі, қазақ тілі мен әдебиеті салаларындағы зерттеулермен қатар түркология ғылымының зерттелуіне де айтарлықтай үлес қосқан. А.Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап қазақ жазуының ережелерімен айналыса бастаған. Осы жылға дейін қазақ халқының қолданған жазуы араб графикасында болатын. Бірақ араб жазуын сол күйінде алып қолдану қолайсыздық тудырған. Осы қиындықтардан шығу үшін 1912 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы барлық күш-жігерін осы бағытқа жұмсап, араб графикасына негізделген, қазақ тілінің дыбыстау жүйесіне сүйенген жаңа әліпби шығарды. Оның «Оқу құралы. Қазақша Әліпбе» атты еңбегі 1912 жылы Орынбор қаласындағы М.Ш.Кәрімов және Ш.Хусейновтардың баспа үйінен жарық көрген. Еңбек 40 беттен тұрады. Осы еңбек 1912-1925 жылдар аралығында түрлі түзетулер енгізіліп, 7 рет жарыққа шыққан. Мектептерде осы кітап дәріс құралы ретінде пайдаланылған.

Кейіннен А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әліп-би (Жаңа құрал) атты жаңа еңбегін басып шығарды. Бұл әліппе осы күнде кеңінен қолданылатын «суретті әліппе» негізінде шығарылған. Еңбек 1926 жылы Қызылордадан 116 беттік кітап болып жарық көрген. Кітапта 128 сурет қолданылған. 1927 жылы «Әліп-бидің (Жаңа құрал)» екінші баспасын Қызылорда, Ташкент қалаларындағы баспа үйлері, 1928 жылы үшінші баспасын Қызылорда баспа үйі 20 000 дана етіп шығарған.

А.Байтұрсынұлы осы аталмыш еңбегінде балаларға арнап арнайы өлеңдер, жұмбақтар, мақал мәтелдер таңдаған. Кітаптың алғашқы бетінде «Қазақстанның білім орталығы мектептерде қолдануға рұқсат берген» деген жазу бар. Екінші бетінде балаларға арналған мына жолдар кездеседі:

“Балалар! Бұл жол басы даналыққа  
Келіңдер түсіп байқап қаралық та!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп

Соларды көре тұра қалалық ба?

Даналық өшпес жарық, кетпес байлық

Жүріңдер іздеп тауып алалық та”[1;2].

Осы өлең жолдары Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен ұйқасып жатқандай. Екі өлеңнің де мағынасы білімге, сөнбейтін жарыққа, бітпейтін байлыққа жетелейді. Кітап әліппенің танытылуынан басталады.

Кітаптың үйрету әдісін екі бағытта алып қарауға болады:

а) Әліппе және оқып үйрену әдісі.

А.Байтұрсынов кітапта қазақ әліппесінің соңғы нұсқасын берген. Кітапта арабша жазуды қолдана отырып, сөздердің оқылуына оңай болғанымен, қазақша сөздердің оқылуын қиындадатын «усул-и техежжи» (әріптерді буынға бөліп оқып үйрену) әдісі емес, «усул-и сафти» әдісі (әріп пен сөздерді буынға бөлмей оқу) қолданылған. Осылайша А.Байтұрсынұлы сол жылдардағы «усул-и жадид» деп аталатын әдісті білім беру саласына қосып, білім алуға жаңашыл көзқарасты қолдаған қайраткер ретінде көруге болады.

Кітапты “а”, “р”, “з” әріптерінің таныстырылуымен бастаған А.Байтұрсынұлы еңбегінде ерекше әдіс қолданған. “А” әрпіннен кейін “р” әрпінің жазылуы осы күнде қолданылған әдістерден ерекше. Кітапта жазылған алғашқы мысал “ар” сөзі. Осы сөздің бірінші мысал болып жазылуында үлкен мән бар. Өйткені қазақтар амандасқан кезде «армысыз» сөзін қолданады. Осы сөз «ар» сөзімен тікелей байланысты.

А.Байтұрсынұлы әр оқушының үйрену деңгейін назарға ала отырып, әріптерді үйрету барысында жаңылтпаштардан мысалдар келтіріп отырған. Мысалы «о» әрпінен кейін “Зор Ораз, Ор Ораз, Ораз орап, аз орап”, “т” әрпінен кейін “Астан ас асат. Асаттар ас асатыр. Асат, аз асат! Сарт, сазан тазарт” т.б. [1;12].

А.Байтұрсынұлы бұл еңбегінде негізінен балаларға таныс сөз бен сөйлемдерге, мәтіндерге орын берген. Осы мәтіндерде арабша, парсы және орыс тіліндегі сөздер қолданылмаған.

б) Мәтіндер және мәнерлеп оқуды дамыту әдісі.

Бұл кітаптың негізгі ерекшеліктерінің бірі-дидактикалық мәтіндердің жинақталуы. Осы мәтіндер оқушылардың назарын аудара отырып, олардың оқуға деген талпынысын арттыра түседі. Әріптер мен мәтіндер ретімен жазылғанда ғана оқушылардың меңгеруі жеңіл болады. Сонымен қатар білім берудегі мағлұматтарды аздан- көпке, белгіліден- белгісізге, оңайдан- қиынға қарай ретімен берген. Әдіскер М.Жұмабаев Ахмет Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық, әдіспен құралғанына сілтей келе: “Бұл әлифба бойынша қалай хат танудың жолы Ахмет Байтұрсыновтың “Баяншы” һәм “Әлифба астары” деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын”,- деп жазады [2;53]. Бұл әдіскер А.Байтұрсынұлының еңбегіне берілген баға.

Осыншалықты қызықты әрі тартымды, мағыналы тақырыптардың кітапта орын алуы, шүбәсіз, оқушылардың зейінін өзіне баурап алары хақ. Сонымен қатар мәтіндер тақырыптарының алуан түрлілігі және әр мәтіннің балалардың өз ортасында қалай жүріп тұру керектігін үйретіп отыруы бұл оқулықтың

дидактикалық маңызын арттыра түскендігі сөзсіз. Бұл еңбегі арқылы А.Байтұрсынұлы әліппені және сөздерді дәстүрлі «буынға бөліп оқу арқылы» емес, «дыбысталуына қарай оқу» дәстүрін Қазақстанға алғаш енгізген болатын. Еңбектегі мәтіндер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ойындар және суреттер бір-бірімен тығыз байланыста болып, балалардың түрлі сезу мүшелеріне әсер ету арқылы олардың білім алуын жеңілдеткен. Сол жылдарда алғашқы рет шыққан суретті әліпби барлық мектептерде қолданылып, балалардың оқуға деген сүйіспеншілігін арттырған.

Ғасыр басында ұлттық сананы қалыптастыру мәселелері А.Байтұрсынов атымен байланысты болса, ал ғасыр соңында да көтерілген мәселелер оның армандарымен астасып жатқандай. Ғалым аңсаған, ұлтына аманат еткен ғылым әлемі - тіл мәселесі адамның рухани байлығы, салауатты өмір сүру, ұлттар достығы бүгінгі күні де өзекті тақырыптардың бірі. Сол кезеңде Ахмет өмірінің мәні болған мәселе - жан-жақты дамыған, әлемдік деңгейдегі білімді меңгерген, тәрбиелі де саналы азамат қалыптастыру бүгінгі күннің де міндеті. Мұны жандандыруда ағартушының артына қалдырған мол мұрасы таптырмас тәрбие құралы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әліп-би” (Жаңа Құрал).- Қызылорда:ҚазМемБас, 1926.- 37б.
2. Ыбыраймов К. А.Байтұрсынұлының Оқу құралы. Қазақша Әлифба. еңбегіндегі фонологиялық және әдістемелік мәселелер// Ахметтану тағылымдары.- Алматы: Ғылым, 1998.- 178б.
3. Қыдыршев А. Ахмет Байтұрсынұлы әңгімелері туралы// Ахметтану тағылымдары. - Алматы: Ғылым, 1998.- 178б.

*Камалатдин Айзат Аббасқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты*